

С. Мендешев ауылдық округі Балғын, Еңбек елді мекендерінің көшелеріне атау беру туралы

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы С. Мендешев ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 7 маусымдағы N 1 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 18 маусымда N 7-5-120 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 12 тамыздағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып және Балғын, Еңбек елді мекендері тұрғындарының 2009 жылғы 15 қазандағы N 1, 2 жиналыстарының хаттамалары және 2009 жылғы 29 қазандағы N 2 Жаңақала аудандық ономастикалық комиссияның хаттамаларын қарап, **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. С. Мендешев ауылдық округінің, Балғын елді мекеніндегі N 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 үйлер орналасқан көшеге Балғын атауы берілсін.

2. С. Мендешев ауылдық округінің, Еңбек елді мекеніндегі N 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 үйлер орналасқан көшеге Еңбек атауы берілсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауға алуды өзіме қалдырамын.

Ауыл әкімі

Н. Еслямов